

# Педагогикалық қызметтің құрылымы мен мәні

# Жоспар:

Педагогикалық қызметтің мәні мен құрылымы. Педагогикалық қызметтің түрлері.

Педагог педагогикалық қызметтің субъекті ретінде.

***Педагогикалық қарым-қатынас анықтамасы***

Педагогтың кәсіби құзырлығы.


Педагогтың өзін-өзі дамытуы

- Педагогикалық қызмет - педагогикалық процесте тәрбиеленуші тұлғасын тәрбиелеудің, дамытудың, оның өзінше дамуының оңтайлы жағдайларын тудыруға және өзін еркін және шығармашылықта көрсетудің мүмкіндіктерін таңдауға бағытталған кәсіби қызмет.


Педагогикалық қызмет - негізгі мәселе мұғалімнің талаптары мен мақсаттарының оқушының мақсаттарымен, мүмкіндіктерімен, тілектерімен, сәйкестігі; педагогикалық қызмет сәтті жүзеге асыру мұғалімнің педагогикалық технологияны, педагогикалық техниканы игеруімен, оның кәсіби санасынын деңгейімен байланысты.

Педагогикалық технология – педагогикалық іскерліктердің жетістігіне жеткізетін ғылыми жобалау және нақты өндіру. Сонымен педагогикалық процесс белгілі жүйе принциптерінде құрылатын болғандықтан, педагогикалық технология сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Осы принциптерді жалғастырмалы орындау олардың объективті қарым-қатынасында және педагогтің тұлғасын толық көрсететін жинағы ретінде қарастырылуы мүмкін.


# Педагогикалық қызмет үш моделі:



мәжбүрлеу педагогикасы  
(авторитарлық  
педагогикасы),



толық бостандық  
педагогикасы



серіктестік педагогикасы

# Мәжбүрлеу педагогикасы (авторитарлық педагогикасы)

Авторитарлық тәрбие - тәрбиелеушінің еркіне бағынушылықты қарастыратын тәрбиелік концепциясы. Балалар белсенділігінің дамуын, олардың жеке даралық қабілеттерін тұншықтыратын, тәрбиелеуші мен тәрбиеленушінің арасында кері пиғыл туғызатын тәрбие. Педагогикалық басшылықтың авторитарлық стилі билік қатынастарға негізделген, оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін мойындамайтын, тәрбиеленушілермен әрекет жолдарында адамгершілік тәсілдерін ескермейді. Авторитарлық педагогиканың принципі - мұғалім - субъект, ал оқушы - тәрбиелеу мен оқытудың объектісі. Баланы басқарудың түрлі әдістері мұқият қарастырылған: қауіп, бақылау, бұйыру, тыйым салу, жазалау. Сабақ қатаң ұйымдастырылған, екпін тәрбиелік оқытуға түседі. Көрнекті өкілі - Иоганн Фридрих Гербарт (1776-1841). Мұндай стиль педагогқа ерекше мамандандырылған сипат туғызады: догматизм, күнәсіздік сезімі, педагогикалық әсірелеушілік, ойларындағы кешірімсіздік. Педагогикалық қызметтері оның бір көрінісі - морализацияны пайдалану

# Серіктестік педагогикасы

«Серіктестік педагогикасы» білім беру процессінің субъектілерін бірлескен іс-әрекетін әрқайсысы жеке тұлға болып енетін, тең құқылы екі серіктестердің қарым-қатынасы ретінде қарастырады. Оқушы және мұғалім арасында өзара әрекеттесу бойынша жетекші рөл соңғысына тиесілі болуы қажет. Мұғалім серіктестікте педагогикалық белсенді ұстаным, тұлғалық мүдделілігін көрсетуі қажет. Бірақ, «серіктестік педагогикасы» педагогтың тұлғалық нұсқауларын қарастыра отыра, педагогикалық толеранттықтың даму жолдарын қарастырмайды.



**Педагог** (гр. *paidagogs* — тәрбиеші)  
— білім беру, тәрбиелеумен  
немесе тәрбие мәселесімен айналысатын  
маман. Жалпы білім беретін мектеп  
мұғалімі, арнаулы орта, жоғары оқу  
орнының оқытушысы, мектепке дейінгі  
мекеменің, мектеп-интернаттың, балалар  
үйінің, түзету колониясының тәрбиешісі,  
педагогиканың ғылыми мәселелерін  
зерттеуші ғылыми қызметкер педагог  
делінеді.

# **Педагог педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде**

**Оқушылардың кәсіби  
дайындығының мақсаты — ғылыми-  
педагогикалық тапсырмаларды  
орындауға және кәсіби оқыту  
педагогы мен еңбек технологиялары  
мұғалімінің кәсіптік қызметінің  
қажетті функциялары мен түрлерін  
орындауға бейім маманды  
қалыптастыру болып табылады.**

**Маман оқыту үрдісінің білім беру саласы, мәні, мағынасы және құрылымы туралы білім жүйесін білуі керек , сондықтан осы бағытта педагогтың субъективтілік қасиеттерін құрылымдық көрсетілуімен тұлғалық сапалары қарастырылады.**

**Алғаш рет педагогтың  
субъективтілік қасиеттерін  
құрылымдық көрсетуге әрекет  
жасаушының бірі П.Ф. Каптерев  
деп санауға болады. Ол объективті  
және субъективті қасиеттерді,  
факторларды бөліп, олардың  
жоғарыдан төмен дамуын  
(иерархиясын) ұйғарды**

# Кесте 1-Педагогтың жалпы қасиеттері

Н.В. Кузьмина бойынша, субъектілік факторлар құрылымы:  
табиғаттылық

Арнайы	Объективтік (мұғалімнің ғылыми дайындығы)
	Субъективтік (жеке мұғалімдік талант)
Тұлғалық	(адамгершілік — еріктік қасиеттер)

**Н.В. Кузьмина бойынша, субъектілік  
факторлар құрылымы:  
табиғаттылық типін, қабілеттер  
деңгейі мен құзырлықты қамтиды,  
оларға арнайы-педагогикалық,  
әдістемелік, әлеуметтік-  
психологиялық, дифференциалды-  
психологиялық, аутопсихологиялық  
құзырлық жатады.**

## Кесте 2 — Субъектілік қасиеттер құрылымы

Н.В.Кузьмина ұсынған, осы құрылымды педагогтың субъективтік қасиеттер

Объективтік сипаттамалар	Кәсіби, психологиялық, педагогикалық білімдер
	Кәсіби іскерліктер
Субъективтік сипаттамалар	Кәсіби психологиялық позициялар, ұстанымдар
	Тұлғалық ерекшеліктер

# Педагогикалық қарым-қатынас анықтамасы

Вербалды қарым-қатынастың мазмұнына, функцияларына және ішкі құрылымына (деңгейлеріне) жүргізілген талдау жалпы түрде, осы аталған позициялардан және осы терминдерді пайдаланып, педагогикалық іс-әрекетті анықтауға мүмкіндік береді. Педагогикалық қарым-қатынас мұғалім мен оқушылардың оқудағы өзара әрекеттесу, ынтымақтастық формасы. Педагогикалық қарым-қатынас вербалды, бейнелі, символдық және кинетикалық құралдардың бүкіл жиынтығын пайдалана отырып, бір мезгілде коммуникативтік, перцептивтік және интерактивті функцияларды жүзеге асырады. Педагогикалық қарым-қатынас *«...оқушылардың мотивациясының дамуы мен оқу-іс-әрекетінің шығармашылық сипаты үшін, мектеп оқушысы тұлғасының дұрыс қалыптасуы үшін ең жақсы жағдай жасайтын, оқытудың эмоционалдық қолайлы климатын (жеке жағдайда, «психологиялық кедергінің» пайда болуына кедергі жасайды) қамтамасыз ететін мұғалімнің (кеңірек алсақ– педагогикалық ұжымның) оқыту процесіндегі оқушылармен қарым-қатынасы»* ретінде анықталады.



# ***Педагогикалық қарым-қатынас негіздері***

Педагогикалық іс-әрекет, бір қатар іс-әрекеттер ішіндегі күрделі ұйымдасқан жүйе болып есептеледі.

1. Оқыту барысындағы мұғалімнің іс - әрекеті. Сабақ беруші педагог жалпы қызметтер мен мағыналардың ішінен өзіне қатысты қызметтерді ғана атқаруы тиіс. Келесі іс-әрекеттер бірінші іс - әрекеттерге рефлексік қосымша ретінде келеді, яғни оған қызмет жасайды.
2. Оқытудың тиімді амалдары мен құралдарын және оқытудың процедураларын теңдестіргендегі оқыту тәжірбиесінің жалпылама іс-әрекеті – оқытудың амалдары мен әдістерін құрастыратын методист іс - әрекеті осындай.
3. Іс -әрекеттің методикалығы, бірақ ол оқу құралдары мен оқу сабақтарын құрастыруға бағытталған.
4. Іс - әрекет оқыту сабақтарын бір тұтас жүйеге сабақтастырудан тұрады – оқу бағдарламаларын құрастыру бағдарламалау іс - әрекеті. Мұндай бағдарламалауды жүзеге асыру үшін, оқытудың мақсатын білу қажет, бірақта оқытудың бағдарламаларын құру барысында мақсаттың кейбір жалпы бөліктеріне бағытталады.

# **Педагогикалық қарым-қатынас стилі**

- Қарым-қатынас стилінің оқытудың прогрессивті беталыстарына сәйкес келетін осы көрсеткіштерімен танысу, олардың бұрын көрсеткендей, іс-әрекеттік келіс негізінде оқытуды ұйымдастырушы мұғалімде болуы керек сапалармен ұқсастығын көруге мүмкіндік береді. Бұл жерде **Л.В. Путляеваның** зерттеулерінде оқушылардың мұғалімнің жоғарыда қарастырылған қарым-қатынас стилінен туған мінез-құлығының жауап реакциялары ең алғаш рет ашылып көрсетілгені маңызды. Сенім, бостандық, еркіндік, қорқыныштың болмауы, мұғалімге, оқуға деген қуанышты қатынас, топтағы ақжарқын өзара түсіністікке ұмтылу – мұғалімнің қарым-қатынас стилін дұрыс таңдауының нәтижесі. Мұндай стильдің болмауы, айқайлау, кекету, мұғалімның мінез-құлығы мен оның қарым-қатынас стилінде орын алатын оқушыны сыйламау бүкіл оқыту жүйесі қаншалықты мазмұнды және әдістемелік дұрыс ұйымдастырылса да, оны жоққа шығарады. Қарым-қатынасқа жүргізілген талдау келесі жағдайлар туралы айтуға мүмкіндік береді:

- педагогикалық қарым-қатынас жайлы оқудағы өзара әрекеттесу, педагог (оқытушының) пен оқушылардың (студенттердің) еңбектестігінің формасы ретінде;
  
- педагогикалық қарым-қатынаста бір мезгілде оның үш жағының - коммуникативтік, интерактивтік және перцептивтік жақтарының болуы;
  
- педагогикалық қарым-қатынаста вербалдымен қатар басқа да тәсілдердің, яғни көркемдік, кинетикалық, символикалық тәсілдердің кең көрінуі жайлы.

# МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІ

Білім - теңіз, түбі де, шегі де жоқ.

Білім - адам баласының ортақ қазынасы.

«Құзырлық» сөзі туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) – жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Латын тілінен аударғанда «құзырлық – өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой - тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады.

Енді осы ұғымдардың мәнін тереңірек талдайтын болсақ онда «құзыр» - тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс - әрекеті саласына сай құзырлықтарды меңгеруі. Құзырлық белгілі сала бойынша жан - жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас салалары мен оның психологиялық – педагогикалық және теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арна тоғысуы деуге болады.

Кәсібилікті маманның дамуының әртүрлі бағыттарымен қатыстырып, кәсіби құзыреттіліктің төрт түрі анықталады: арнайы, әлеуметтік, жеке, дара.

- ◎ 1. *Арнайы, немесе қызметтік* кәсіби құзыреттілік жоғары кәсіби деңгейде қызметті меңгерумен және тек арнайы білімді игеріп қоймай, сонымен бірге оны тәжірибеде қолдануды білумен сипатталады.
- ◎ 2. *Әлеуметтік* кәсіби құзыреттілік кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін, біріккен кәсіби қызмет және серіктестік әдістерін игерумен сипатталады.
- ◎ 3. *Жеке* кәсіби құзыреттілік өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту әдістерін, кәсіби деформацияға қарсы тұру құралдарын меңгерумен сипатталады. Және осыған маманның өз кәсіби қызметін жоспарлауды, өз бетімен шешім қабылдауды, проблеманы көруді енгізеді.
- ◎ 4. *Дара (индивидуальды)* кәсіби құзыреттілік өз-өзін басқара білу тәсілдерін, кәсіби өсуге дайындық, кәсіби қартаюға берілмеу, кәсіби мотивацияның табанды болуы қасиеттерін меңгерумен сипатталады.

## Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің келесі компоненттерін бөлеміз: мотивациялық-еріктік, функционалдық, қарым-қатынастық және рефлексиялық.

- *Мотивациялық-еріктік* (мотивация – себептер жүйесі) компонентке мотивтер (себептер, дәлелдер), мақсаттар, қажеттіліктер, құнды тіректер енеді, мамандықта тұлғаның шығармашылық көрінуіне ықпал етеді, кәсіби қызметке қызығушылықтың болуын білдіреді.
- *Функционалдық* (лат. *functio* – орындау) қандай да бір педагогикалық технологияны жобалап жүзеге асыру үшін мұғалімге қажетті, жалпы жағдайда педагогикалық қызмет әдістері туралы білім түрінде көрінетін компонент.
- *Қарым-қатынастық (коммуникативтік)* (лат. *communico* – байланыстырамын, қарым-қатынас жасаймын) құзыреттілік компонентіне ойын анық, нақты жеткізе білу, көз жеткізе білу, дәлелдеу, дәлел құра білу, талдау, ойын айта білу, рационалды және эмоционалды ақпаратты жеткізе білуі, өзара қарым-қатынас орната білуі, әріптестер әрекеттерімен өз әрекетін келістіруі, әртүрлі іскерлік жағдаяттарда қарым-қатынастың озық стилін таңдау, диалог ұйымдастыру және қолдау көрсету енгізіледі.
- *Рефлексиялық* (лат. *reflexio* – артына назар аудару) компоненті өз қызметінің және өз дамуының, жеке жетістіктерінің деңгейінің нәтижесін саналы бақылай білумен; креативтілік, алға ұмтылушылық, серіктестікке бағытталу, шығармашылық, өзіндік талдауға бейімділік сияқты қасиеттер мен ерекшеліктерді қалыптастырумен анықталады. Рефлексиялық компонент жеке жетістіктердің бағыттаушысы, адамдармен қарым-қатынаста жеке мағынаны іздеу, өз-өзін басқару, және де өз-өзін тануды, кәсіби өсуді, шеберлікті жетілдіруді, мағыналы шығармашылықты қызметті оятушы және жұмыстың дара стилін қалыптастыру болып табылады.

## Кәсіби құзырлылықтың қатарына келесі қабілеттер жатады:

- Бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық);
- Мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- Оқу - танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік - зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- Коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым - қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- Ақпараттық - технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- Әлеуметтік - еңбек құзыреттілігі (әлеуметтік - қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);
- Тұлғалық өзін - өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

# Педагог - өзін-өзі дамытушы тұлға

## Педагог – зиялы тұлға және мәдениет адамы.

- Қазіргі заман талабына сай мұғалім болу ең жауапты, ең күрделі, ең зиялы мамандық болып табылады. Себебі, ол адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған зор жауапкершілікті қажет ететін мамандық.  
Қазіргі мектептің міндеттері:
  - Алдыңғы ұрпақтың соңғы ұрпаққа жинаған, қалыптастырған мәдени құндылықтарын жеткізу;
  - Баланың тұлғасын дамыту;
  - Баланың, мектептің әлеуметтік бейімделуі,Қандай бір әдістермен педагогикалық технологияны пайдаланбасын, баланың рухани жан дүниесіне әсер етуде мұғалімнің өз тұлғасының әсері ерекше. Оқушылардың мұғалім бойындағы ең бағалы деп есептейтін қасиеттері: баланы жақсы көруі, мейірімділік, сезімталдық, әділеттілік, талап қойғыштық, әзіл айта білуі, келешекке сенімділік, іске шығармашылықпен қарау болып табылады. Ал, мұндай қасиеттерге еге болу үшін мұғалім рухани бай, зиялы және шығармашыл тұлға болуы қажет. К. Д. Ушинский: «Оқу орнының талабына көп нәрсе байланысты, ең бастысы тәрбиешінің тұлғасының рөлі ерекше, жас ұрпаққа беретін әсерін оқулықпен, жазалау және мадақтаумен алмастыруға болмайды», - деп жазған.



## Педагог – зиялы тұлға.

- Өзін жинақы, сүйкімді ұстайды. Прогрессивті көзқарастарды алға тартады. Сыни көзқарасы қалыптасқан, ұстамды, өзгелердің пікіріне сыйластықпен қарайды. Жүйелі түрде өзіне - өзі баға беріп, рефлексия жасап отырады: мәдениеті, эрудициясы жоғары, эстетикалық, көркемдік талғамы бар. Саясатқа, білімге, өнердегі жаңалықтарға қызығушылық танытады. Шығармашылықпен өзін - өзі үздіксіз дамытып отырады.

## Педагог – рухани бай тұлға.

- Оның рухани байлығы балаға деген махаббатынан, жоғары адамгершілік және ұят сезімінен көрінеді. Ол өзінің оқушылары және әріптестерінің пікірімен санасады. Тұлғаның рухани байлығы өмірдің мәнін және өмір сүру мақсатын, өзінің кәсіби шеберлігін айқындауына ұмтылуында болып табылады. Педагог адамдардың қарым - қатынасына, әлем сұлулығына ерекше мән береді. Онда эмпатия мен рефлексия жоғары дамыған. Ол жаңа өсіп келе жатқан баланың рухани әлемінің байлығын түсінуге тырысады, сондықтан да өзінің планетарлық, тіпті космостық ойлау үрдісін дамытады.



**Педагог – шығармашыл тұлға.** Ол бірсарындылықты ұнатпайды, сондықтан үздіксіз ізденіс үстінде, жаңашыл. Ойлап шығару, жүзеге асыру – оның қалыпты кәсіби үлгісі.

**Мұғалім – еркін тұлға.** Оның еркіндігі өмірде және кәсіби қызметте мәдениет әлемінде өз орнын табуынан көрінеді. Оның еркін ой - пікірі және кәсіби жауапкершілікті сезінуімен тұтастықта. Өзін - өзі бағалай алады, алайда менмендікке жол бермейді. Ол материалдық және рухани құндылықтар әлемінде өз бағытын еркін айыра алады, педагогикалық догмалардан аулақ. Ол батыл шешім қабылдайды, өзінің өмірлік позициясы бар, яғни айналадағы ортаға, адамдарға, өзіне деген қарым - қатынастың берік жүйесі бар.

**Педагог – адамгершілігі мол, мейірімді тұлға.** Бүкіл тіршілік атаулыға, әсіресе балаға үлкен сүйіспеншілікпен қарайды. Өзімен көз қарасы сәйкес келмейтін адамдарға төзімділік танытады. Әр ұлт өкілдеріне және халықтың салт - дәстүрлеріне сыйластықпен қарайды.

**Педагог – бәсекелестікті тұлға.** Жоғары кәсіби шеберлікті меңгеру үшін рынок жағдайында өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін біліп, мықты жақтарына сүйене отырып, әлсіз жақтарын жетілдіріп отыру керек. Озық педагогикалық тәжірибелерді оқып, танып өз ой елегінен өткізе отырып, шығармашылықпен қолдана білу керек. Кәсіби мәні бар басылымдарды қадағалап, үздіксіз білім жетілдіру курстарынан өтіп отырған жөн. Бәсекелестікті тұлға болу үшін тек өз елімізде емес, білім кеңістігінде болып жатқан жаңалықтардан

**Педагог мәдениет адамы.** Ол белгілі бір мәдени кеңістік пен әлеуметтік - мәдени ситуацияларды ескере отырып, ең жаңа ғылым, өнер жетістіктерін бойына сіңіреді. Өз халқының әдет - ғұрпы мен салт – дәстүрін бағалайды, біледі. Көркем және кәсіби әдебиеттерге қызығушылық танытады, өнердің алуан түріне мән береді, ең бастысы өзінің шәкірттеріне қызықтыра біледі.

**Педагог тәрбиеші.** Педагог қандай бір бағытты қаламасын, қандай міндеттерді шешпесін, негізгі қызметі – тәрбиешілік. Тәрбие үрдісі тәрбиеленушілердің алуан түрлі іс - әрекеттерін (ойын, оқу, еңбек, жеке, ұжымдық) педагогикалық басқару негізінде жүзеге асады

**Педагог - әдіскер.** Қазіргі жағдайда педагог қызметінің ауқымы кең және алуан түрлі. Оның негізгі бағыттарының бірі – әдіскерлік мәдениетін өзін - өзі дамытуы, кәсіби шеберлігін үздіксіз арттырып отыруы. Әдіскер – педагог өзінің жұмысын жоғары деңгейде жүргізіп қана қоймай, басқаларға өз тәжірибелерді тауып, танып, тарата білу керек; б) оқу - әдіскерлік проблемаларды танып, талдама жасайды; в) алуан түрлі әдіскерлік жұмыстарды тиімді тұтастыра білуі керек; г) жас педагогтардың өзін - өзі дамытуға көмек береді. Өзін - өзі дамытуға бағдарлама құрғанда жалпы - мәдени, философиялық - әдістемелік, тәрбиелік, дидактикалық, педагогикалық, психологиялық, техникалық дайындықтарға назар аударады. Әдістемелік жұмыстың өз мәнінде жүруіне «ашық сабақтардың» рөлі зор. Педагог өз оқу орнының көлемінде шектеліп қалмай, семинарларға, конференцияларда қатысу белсенділік танытады. Білім жетілдіру курстарына қатысады.

**Педагог – зерттеуші.** Педагог зерттеуші ретінде өзінің педагогикалық қызметінде қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оны шешуге деген қажеттілік туындайды. Жұмысқа шығармашылықпен қарау, шабыттандыру – зерттеушіліктің қозғаушы күші болып табылады. Педагогикалық инновацияның дамуына байланысты, педагогикалық эксперимент жүргізе отырып тіпті жас педагогтар да өзінің зерттеушілік қабілетін дәлелдей алады. Сондықтан педагогикалық негізгі міндеттерінің бірі методикалық мәдениет арқылы өзін - өзі дамыту болып табылады.

- ◎ Қазіргі кезеңде тәрбиеші – педагогтың тәрбие жұмысын ұйымдастырушы ретінде нақты тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған білім, білік қабілеттеріне талдау жасау керек. Мұғалім – тәрбиеші үшін ең маңызды, ең шешуші құндылықтарға назар аударған жөн. Құндылықтар жүйесі қазіргі мұғалімдердің педагогикалық мәдениетінің мазмұнын айқындайды. Негізгі құндылықтардың ең бастысы – бала, оның рухани – адамгершілік әлемі. Мұғалім үшін ең маңыздысы, оның іскерлігі болып есептеледі, сонымен қатар, психологиялық мәдениеттің де рөлі ерекше. Бала психологиясының дамуындағы қайшылықтар мен қиындықтарды түсіну үшін қажет. П. П. Блонский мұғалімдерді «практикалық психолог» болуға шақырады. Тәрбиеленушілердің жан - дүниесін түсініп, сезініп, олардың жеке - психологиялық қасиеттерін бағалаған жағдайда ғана табысқа жете алады